 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 1 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

## **«ЕУАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ СЕРІКТЕСТЕРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ ШАРТТЫҢ ЖОБАЛЫҚ ТАЛАПТАРЫ**


### **1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың Жобалық талаптары (бұдан әрі қарай – Жобалық талаптар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - ҚР АҚ) 388-бабының шеңберінде әзірленген және пайдаланылады, олардың әрекеті «Еуразиялық банк» АҚ (бұдан әрі – Банк) және Жобалық талаптардың 4-бөліміне сәйкес Ынтымақтастық туралы Шарт жасаған заңды тұлғалардың (филиалдар мен өкілдіктердің), жеке кәсіпкерлердің, шаруа және фермер шаруашылықтарының құқықтық қатынастарына қолданылады (бұдан әрі осындай тұлғалар «Серіктес» деп аталады).

1.2. Жобалық талаптар Банк пен Клиенттің арасында Клиентке Тауар/Көлік құралын/Қызметтерді Серіктестерден Банктің қарыз ақшаларының есебінен ішінара/толық сатып алған кездегі ынтымақтастығының талаптарын және тәртібін реттейді.


1.3. Жобалық талаптарда Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) заңнамасында көзделген негізгі ұғымдар, сондай-ақ келесі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) **Қарыз шарты/Өтініш (кредиттік өтінім)** – Банк пен Клиенттің арасында Клиентке Тауар/ Көлік құралын/Қызметтерді сатып алуға жасалған құжат;
- 2) **Клиент/ Қарыз алушы** – Банкпен Тауар/Көлік құралын/Қызметтерді сатып алуға Қарыз шартын/Кредиттік өтінім жасаған жеке тұлға;
- 3) **Өтініш** – жеке тұлғаларға қарыз беру бойынша Банк белгілейтін талаптарға сәйкес өтініш берушінің Банкке берген қарыз алуға өтініштің үлгі нысаны;
- 4) **Қарыз/Кредит** – Банктің қарыз алушыға Тауар/Көлік құралын/Қызметтерді сатып алуға мақсатына сай пайдалану, қамтамасыз ету, мерзімділік, төлемділік және қайтарымдылық талаптарымен Қарыз шарты мен Ынтымақтастық туралы шарттың негізінде Серіктестің ағымдағы банктік шотына қарыз сомасын біржолғы аудару арқылы беретін банктік қарыз;
- 5) **Ынтымақтастық туралы шарт** – Банк бекіткен нысан бойынша Серіктеспен жасалған Ынтымақтастық туралы шарт;
- 6) **Банктік күн** – Банкте банктік операциялар жүргізу үшін ашылған жұмыс күні;
- 7) **Тарифтер** – сыйақылар мен Банктің көрсеткен қызметтері үшін комиссиялар мөлшері көрсетіліп, Банктің бекіткен прейскурранты;
- 8) **Тауарлар/Қызметтер** – Қарыз шартының талаптары бойынша Сауда ұйымы Клиентке сататын тұтынушылық тауарлар/қызметтер;
- 9) **Көлік құралы** – Банктік қарыз шартында қарстырылған мерзімде және талаптарда Банктің қарыздық қаражаты есебінен автоорталықта (автосалонда) Серіктестің клиентінен сатып алынатын жеңіл автомобиль, мотоцикл, гидроцикл, мотороллер/мопед (скутер), қарда жүргіш, квадроцикл;
- 10) **Сауда орны /қызмет көрсетілетін орын** – Серіктестің немесе олардың әрекеті үшін Клиент пен Банктің алдында Серіктес жауап беретін оның уәкілетті тұлғаларының Жобалық талаптардың №6 қосымшасына сәйкес тауарлар/көлік құралын сатуға/қызметтер көрсетуге арналған орын, Жобалық талаптарға № 6 қосымшаға сәйкес Сауда ұйымдарына тиесілі сауда-сервистік кәсіпорындар аумағында жұмыс істейтін сауда ұйымдарының уәкілетті қызметкерлерінің Банк пен Клиент алдында өз уәкілетті тұлғаларының Қарыз шарты бойынша тауар/көлік құралын сатып алу шарты бойынша қарыз ресімдеуде және берген кездегі әрекеттері үшін жауап береді;
- 11) **Сатып алу бағасы** - клиенттің Серіктестен сатып алатын Тауарының/ Көлік құралының/ Қызметтерінің құны;
- 12) **Агенттік сыйақы** – Ынтымақтастық туралы шарттың талаптарына сәйкес қызметтер көрсетілгені үшін Банк ай сайынғы негізде төлеуі тиісті ақша сомасы;
- 13) **Автоорталық** –Жобалық талаптардың № 6 қосымшасына сәйкес аумағында көлік құралын сатып алуға Қарыз шарты бойынша клиентке қарыз ресімдейтін және беретін Банктің жауап қызметкерлері орналасқан сауда-сервистік кәсіпорын;
- 14) **Мүлік** – Ынтымақтастық туралы шарт бойынша міндеттерді орындау үшін Банктің Серіктеске беретін заттары;

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 2 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

- 15) **Өтініш беруші/сатып алушы** – Серіктестің Сауда ұйымынан Тауарды/Көлік құралын/Қызметтерді сатып алуға және Банктен Тауарды/Көлік құралын/Қызметтерді сатып алуға қарыз алуға мүдделі жеке тұлға, Банктің ықтимал клиенті, Қазақстан Республикасының азаматы не Банктің Серіктестен Тауарды/Көлік құралын/Қызметтерді сатып алуға Қарыз шартын жасаған жеке тұлға;
- 16) **Логин мен пароль** – клиентке қарыз беру мақсатымен Банктің жүйесіне қолжетімділік үшін пайдаланушының кодтық аты мен паролі;
- 17) **Ең жоғарғы лимит** – Тараптар белгілеген кезең ішінде берілген жиынтық қарыздың ең көп сомасы.
- 18) **Уәкілетті тұлға** – Ынтымақтастық туралы шартқа қол қоюға Серіктестің уәкілеттік берген тұлғасы және Серіктестің бұйрық, өкім және/немесе сенімхат негізінде әрекет ететін басқа да қызметкерлері;
- 19) **Серіктестің уәкілетті қызметкері/Қаржылық кеңес беруші** – Қарыз алушымен Қарыз шартын/Өтініш (кредиттік өтінім) ресімдеуге қатысушы Серіктестің уәкілетті қызметкері;
- 20) **Есепті кезең** – бір күнтізбелік айға тең уақыт аралығы;
- 21) **Бастапқы жарна** – клиент өзінің меншік қаражатынан Сауда ұйымына төлеуге тиісті сатып алу бағасының бөлігі. Бастапқы жарна сомасы Қарыз шартында белгіленеді;
- 22) **Серіктес** – клиенттерді тарту бойынша және оған тиесілі сауда орындары арқылы өтемді қызмет көрсететін Тауарды/Қызметтерді/Көлік құралын сату бойынша қызмет жүргізетін Ынтымақтастық туралы шарттың тарабы;
- 23) **Бастапқы жарна** – клиент өзінің меншік қаражатынан Серіктеске төлеуге тиісті сатып алу бағасының бөлігі. Бастапқы жарна сомасы Қарыз шартында белгіленеді;
- 24) **Клиентке көлік құралын беру мерзімін кейінге шегеру кезеңі** – Клиенттің меншігіне құқықтарды ресімдеу үшін Автотидлердің толық жиынтықта көлік құралының жеткізілуін және өндірісін жүргізетін 120 (бір жүз жиырма) күнтізбелік күнге тең уақыт аралығы;
- 25) **Жұмыс орны** - Банктің жауапты қызметкерін орналастыру үшін Серіктестің беретін автоорталықтың аумағындағы алаң;
- 26) **Бөлшек бөлімше қызметкері** - Банктің бөлшек бөлімшесінің маманы/ қаржылық кеңесші;
- 27) **Банктің жүйесі** – Банктің бөлшек кредит беруі бойынша негізгі қосымшасы болып табылатын банктің бағдарламалық жасақтамасының Web интерфейсі (CrediLogic);
- 28) **Online Call** – Серіктестің сұрауы бойынша Банк беретін қолжетімділігі логин мен пароль түрінде Банкте жасалған Web интерфейс арқылы Серіктестің қызметкерлері қабылдайтын қарыз алуға клиенттердің өтінімі бойынша берілетін өнім.
- 1.4. Ынтымақтастық туралы шартқа Жобалық талаптарды Банк белгілеген және Банктің WEB-сайтында Интернет желісінде [www.eubank.kz](http://www.eubank.kz) мекенжайы бойынша жарияланған және Банктің барлық уәкілетті бөлімшелерінде және филиалдарында орналастырылған.
- 1.5. Жобалық талаптар Банктің барлық серіктестері үшін бірегей және Серіктес Ынтымақтастық туралы шарт жасаудан басқаша да қабылдауы мүмкін, Серіктес онымен сөзсіз келіседі. Серіктестің Жобалық талаптарды қабылдауы тиісті Ынтымақтастық туралы шартқа қол қоюымен бейнеленеді және мерзімсіз болып табылады.
- 1.6. Банк Серіктес пен Банк арасында Ынтымақтастық туралы шарт жасаған сәтке дейін Серіктеске қызметтерді беруге және міндеттерді көтеруге міндетті емес.
- 1.7. Жобалық талаптар, сондай-ақ онда айтылған қосымшалар, өтініштер, шарттар, келісімдер мен өзге де құжаттар біртұтас құқықтық құжатты білдіреді; бір-бірінің ажыратылмас бөліктері болып табылады. Банктің Жобалық талаптар аясында қызметтерді ерікті түрде ҚР заңнамасына, Банк ІНҚ мен Тарифтеріне сәйкес; Тараптардың Банк белгілеген нысандары бойынша қағаз және/немесе электронды тасымалдаушыдағы құжаттарға қол қою кезінде және Жобалық талаптарды сақтаумен көрсететіндігімен Банк пен Серіктес сөзсіз келіседі.
- 1.8. Серіктес Жобалық талаптарға қосыла отырып, қылмыстық әрекеттер мен ақша жылыстату тетіктеріне, келесілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейтін, қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңдастыру, лаңкестікті, алаяқтықты, жемқорлықты және тағы басқаларды қаржыландыруға Банк пен оның Клиенттерінің қатысу жағдайларының алдын алу үшін Банктің белсенді түрде жұмыс жасайтындығын мойындайды және келіседі. Банк қызметінің стандарттары Банктің беделін сақтауға және қорғауға, сондай-ақ Клиенттер сенімі мен Банк адалдығын жоғалтуды болдырмауға бағдарланған. Осыған байланысты Банк өз таңдауымен Банк Серіктестері мен олар жүзеге асыратын мәмілелер/ Операциялар/ақша төлемдері/аударымдарына қатысты оқтын-оқтын өзгертіліп отыратын нақты талаптар белгілейді. Егер осы мәмілелер/ Операциялар/ақша төлемдері/аударымдары Банктің ІНҚ

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 3 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

және/немесе ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес болмаса, Банк өз қызметтерін көрсетуден бас тартуға және/немесе қол қойылған шарттарды орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға, шарттарды бұзуға құқылы. Осыған байланысты Серіктес Жобалық талаптарға қосыла отырып, Банктің Клиентке қызметтерді көрсетуден бас тарту құқығын, осындай бас тартумен байланысты Банкке наразылық білдірмейтіндігін сөзсіз растайды.

1.9. Дербес деректерді қорғау саласындағы ҚР заңнамасына сәйкес Тараптар кез келген ақпаратты, оның ішінде: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, отбасы жағдайы, білімі, мамандығы туралы ақпаратты («Дербес деректерді») және Тараптар мен олардың жұмыскерлеріне, контрагенттерге және Тараптармен байланысты тұлғалар мен олардың жұмыскерлеріне тікелей немесе жанама қатысы бар, Банктің Клиентке Ынтымақтастық туралы шартта көзделген қызметтерді көрсетуі мақсатында Шарт қолданылатын кезеңде кез келген уақытта Тараптарға қолжетімді болатын кез келген ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, пайдалануға, тапсыруға (тарату, беру, қол жеткізу) және жоюға («Өңдеуге») құқылы.

1.10. Тараптар екінші Тараптың Дербес деректерін Өндеу кезінде дербес деректерді қорғау саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын сақтауға міндеттенеді. Тараптар екінші Тараптың Дербес деректеріне қатысты құқыққа қайшы немесе кездейсоқ әрекеттерден, оның ішінде оларға қолжетімділіктен, оларды жоюдан, өзгертуден, оқшаулаудан, көшірмелеуден, беруден және таратудан екінші Тараптың Дербес деректерін қорғауға бағытталған барлық мүмкін болатын құқықтық, техникалық және ұйымдастырушылық шараларды қабылдауға міндеттенеді.

1.11. Бір Тараптың Дербес деректерін өндеуді екінші Тарап тек Жобалық талаптардың [1.7. тармағында](#) көрсетілген мақсаттар үшін ғана жүзеге асырады.

1.12. Жобалық талаптарда көрсетілген мақсаттар үшін Дербес деректерді Өндеуге берген Тараптың жазбаша келісімі екінші Тарап Ынтымақтастық туралы шартқа қол қойған сәтте алынды деп есептеледі.

1.13. Дербес деректерді берген кезде Тараптар өз қызметкерлерінің, контрагенттерінің және тиісті Тараптармен байланысты басқа тұлғалардың немесе олардың қызметкерлерінің (бұдан әрі - Тараптардың өкілдері) осындай Дербес деректерді беруге тиісті нысанда алынған келісімдерінің болатынына кепілдік береді және бірінші талап етумен Тараптардың жоғарыда көрсетілген өкілдерінің жазбаша келісімдерінің көшірмелерін екінші Тарапқа береді.

## **2. СЕРІКТЕСТІҢ КЛИЕНТТЕРІНЕ БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ**

2.1. Клиенттерге қарыз беру және Серіктестің шотына ақша аудару Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған құжаттарды берген кезде Банк тиісті Қарыз шартының/Қосылу шартына Өтінім-офертаның/Кредиттік лимит бекітуге келісімнің негізінде жүргізеді.

2.2. Банк көрсететін қызметтері үшін Серіктестен Ынтымақтастық туралы шартта белгіленген тәртіпте және мөлшерде комиссиялық сыйақы алады.

2.3. Банк Клиенттің өтінішін және Клиент берген басқа да құжаттарды қарастырып, өз қарастыруы бойынша оған қарыз беру/туралы шешім қабылдайды.

2.4. Тараптар Банктің барлық құжаттарындағы Банктің уәкілетті тұлғасының факсимильді қолы мен мөрін жарамды деп мойындайды.

2.5. Тауардың/Көлік құралының бүлінуі, толық немесе ішінара зақымдалуы тәуекелін - Клиент ерікті сақтандыруды ресімдегенге дейін Серіктес көтереді, тауарлық жөнелтпе құжатқа/қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес қабылдағаннан кейін Клиент көтереді.


2.6. Жеткізілетін Тауарға/Көлік құралына меншік құқығы тиісті құжаттардың және/немесе шарттардың талаптарына сәйкес Клиентке көшеді.

2.7. Серіктестің Клиентке беретін қарыз сомасын келесі ережелер мен талаптарға сәйкес Банк төлейді:

2.7.1. Ынтымақтастық туралы шарттың мақсаттары үшін есепті кезең (бұдан әрі «Есепті кезең» деп аталады) 1 (бір) банктік күнге тең.

2.7.2. Ынтымақтастық туралы шарттың талаптары бойынша барлық аударымдар Серіктестің не Банктің банктік шотына қолма-қол ақшасыз ақша аудару жолымен жүргізіледі;

2.7.3. Кредит Клиент пен Банктің жауапты тұлғасы Көлік құралын сатып алуға Кредит алуға Қарыз шартын/Өтініш (Кредиттік өтінім) қол қойғаннан кейін Серіктестің шотына Банк Клиентке ақша бергеннен кейін, Қазақстан Республикасының уәкілетті органында Көлік құралына Кепіл шартын тіркеу

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 4 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

туралы куәлік алғаннан кейін/қарыз алушының несиелік шотында қарыз беру бойынша операциялар бейнеленгеннен кейін берілді деп есептеледі;

2.7.4. Тараптардың кез келгені аударған немесе алған сома дұрыс есепке алынбағаны анықталған жағдайда, екінші Тарап артық төленген/жетіспеген соманы Тарап растаушы құжаттармен бірге жазбаша өтінішті берген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде қайтарады/қалғанын төлейді.

2.8. Серіктес Ынтымақтастық туралы шарт жасағанға дейін [www.eubank.kz](http://www.eubank.kz) электрондық мекенжайы бойынша веб-сайтта орналастырылған Банктің тарифтерімен, сондай-ақ Банктің осы Шартта көзделген тәртіппен Тарифтерді қайта қарастыру мүмкіндігімен танысқанын және келісетінін растайды.

2.9. Ынтымақтастық туралы шартқа Жобалық талаптарды қабылдай отырып, Серіктес Банкке Жобалық талаптарда қарастырылған Банкке тиесілі комиссиялық сыйақы мен тұрақсыздық айыппұлдарының сомасын Банкте ашылған Серіктестің банктің шоттарынан тікелей дебеттеу жолымен есептен шығаруға сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді.

### 3. СЕРІКТЕСТІҢ МІНДЕТТЕРІ:

3.1. Қажет болғанда, өтемді негізде Тауарды/Көлік құралын/ Қызметтерді сатып алуға кредит ресімдеу үшін сауда ұйымдарының үй-жайларында Банктің жауапты қызметкерлеріне 1 (бір) жұмыс орнынан кем емес жұмыс орнын беру;

3.2. Банктің жауапты қызметкерінің жұмыс орнын жабдықтау үшін Серіктеске мүлік берілген жағдайда, оны жауапты сақтауға мүлікті тапсыру актісі бойынша қабылдау (№1 қосымша) және оның тиісті сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ету. Серіктес мүлікті пайдалануға құқылы емес. Серіктес автоорталықтың жұмыс емес сағатында мүліктің кездейсоқ опат болғаны үшін жауапкершілікте болады. Жұмыс уақытында Мүліктің кездейсоқ опат болғаны үшін жауапкершілік, егер үшінші тұлғаның және/немесе Серіктестің кінәсі заңмен бекітілген тәртіпте дәлелденбесе, Банкке жүктеледі;

3.3. Ынтымақтастық туралы шарттың әрекеті тоқтаған немесе бұзылған жағдайда, Банкке Мүлікті Ынтымақтастық туралы шартты бұзған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде табиғи тозу есебімен ол қандай жағдайда қабылданса, сондай жағдайда қайтару және Банкке Мүлікті демонтаждауға және алып кетуге кедергі келтірмеу;

3.4. Банктің жауапты қызметкеріне Серіктестің үй-жайына Ынтымақтастық туралы шарт бойынша міндеттерді орындау үшін қандай қолжетімділік талап етілген болса, сондай дәрежеде Серіктестің (оның филиалына) құрылымдық бөлімшенің жұмыс уақытының ішінде қолжетімділік беру;

3.5. Өтемді негізде Банктің жауапты қызметкеріне Серіктестің үй-жайына қалалық және қалааралық телефон желісіне қолжетімділік беру және Ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес шот-фактура шығару;


3.6. Банкте бекітілген нысан бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін уәкілетті тұлғаның (-лардың) дербес деректерін беру;

3.7. Банкке Серіктестің (оның филиалының) құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс сағаттарындағы кез келген өзгерістер туралы осындай өзгерістер күшіне енгенге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен бұрын хабарлау;

3.8. Клиенттерге кредит беру талаптарын сипаттаумен жарнамалық материалдар орналастыру жолымен (Банкпен келісім бойынша) ақпарат беру, сонымен бірге Серіктестің құрылымдық бөлімшелерінің үй-жайларында, сонымен бірге Интернеттегі Серіктестің беттерінде және автоматтық телефондық ақпараттық қызметте (бар болғанда) Банкте кредит беру мүмкіндігі туралы байланыстық ақпарат беру;

3.9. Банктің Ынтымақтастық туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауы үшін қажет болуы мүмкін ақпараттың немесе құжаттардың (оның ішінде тауар чектері, прејскуранттар, арнайы ұсыныстар мен жеңілдіктер туралы ақпарат және осыған ұқсас материалдар) Банкке берілуі үшін мүмкіндігінше бар күшін салу;

3.10. Ынтымақтастық туралы шартқа, Жобалық талаптарға, оларға қосымшаларға сәйкес Серіктестің қызметкерлерінің барлық шараларды орындау бөлігінде тиісті бақылаудың деңгейін қамтамасыз ету, атап айтқанда: Банкке өтініш берумен хабарласу мүмкіндігі туралы өтініш берушілерге кеңес беру, өтініш берушілердің құжаттарға өздерінің қолдарын қоюын бақылау, құжаттарды жинау, тексеру,

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 5 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

Тауарды/Көлік құралын/ Қызметтерді сатып алуға қарыз алуға өтініш берушілер үшін қажетті құжаттарды жіберу;

3.11. Қажет болғанда, Серіктестің Уәкілетті қызметкері Банктің жауапты қызметкеріне Ынтымақтастық туралы шартта көрсетілген құжаттардың тізімдемесіне сәйкес құжаттарды қарыз ресімдегеннен кейін 3 (үш) күнтізбелік күннің ішінде қабылдау-тапсыру актісі бойынша сапалы және өз уақытында беруді қамтамасыз ету.

3.12. Банк досьенің жиынтықтылығына және/немесе досьеде баяндалған құжаттар бойынша ескертулерді айқындаған жағдайда, Серіктестің Уәкілетті қызметкері Банктің ескертулерін 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде жоюға міндетті.

3.13. Жобалық талаптардың 3.11.т. тиісті орындалмаған немесе орындалмаған жағдайда, Банк қарыз сомасынан 100% мөлшерінде айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы.

3.14. Жобалық талаптарға өзгерістермен танысу; Жобалық талаптарға жаңа енгізілгендерді білмеу Серіктесті Ынтымақтастық туралы шартты орындау бойынша міндеттер мен жауапкершіліктен босатпайды.

3.15. Клиент сатып алған Тауарды/Көлік құралын Серіктеске Тауарды/Көлік құралын сатып алған сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде қайтарған жағдайда және оған тең бағалы айырбастау болмағанда, Банктің шотына Банктен алған Тауар/Көлік құралы үшін алынған соманы Ынтымақтастық туралы шартта қарастырылған мерзімде және талаптарда, бірақ сатып алынған Тауарды/Көлік құралын Клиент Серіктеске қайтарған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтарады, сонымен бірге Клиентпен келісім бойынша клиентке Тауар/Көлік құралы үшін төлеген бастапқы жарнасын (бар болғанда) қайтарады;

Қаражатты аударуға арналған Банктің шоты:

BeK 14

ЖСК KZ8694800KZT28600178

«Еуразиялық банк» АҚ Алматы қ.

BSK EURIKZKA

BSN 950240000112

3.16. Клиент өтінішке/Қарыз шартына қол қойғаннан кейін Тауарды/Көлік құралын (қызметтерді қабылдау – Серіктеспен келісім бойынша) алудан бас тартқан жағдайда, Серіктес бұл туралы Банктің жауапты қызметкеріне хабарлауға міндетті және Банктен Тауар/Көлік құралы/Қызметтер үшін алынған соманы (ол бар болғанда) Банктің шотына Банктен алған Тауар/Көлік құралы үшін алынған соманы Ынтымақтастық туралы шартта қарастырылған мерзімде және талаптарда, Жобалық талаптардың 2 қосымшасына сәйкес тауарды қайтаруды растауға қол қоюмен, бірақ сатып алынған Тауарды/Көлік құралын алудан бас тартқан күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтарады, сонымен бірге Клиентпен келісілген тәртіпте клиентке Тауар/Көлік құралы үшін төлеген бастапқы жарнасын (бар болғанда) қайтарады;

3.17. Жүргізілген төлемдер бойынша салықтық және басқа фискальды органдармен барлық өзара есеп айырысуды өз бетінше жүргізу.


3.18. Банктің сұрауы бойынша өзінің қаржылық жағдайы туралы мәліметтер беру;

3.19. Алда тұрған болжалды өзгерістер күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен бұрын алда тұрған тарату, қайта ұйымдастыру немесе өзінің мәртебесінің өзгеруі туралы Банкке хабарлау;

3.20. Банкке өзінің атауы, мекенжайы, телефон нөмірі және факсі және Интернет желісіндегі мекенжайының өзгергені туралы осындай өзгеріске дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлау;


3.21. Серіктестің деректемелерінің және/немесе орналасқан орындарының өзгерген, ұйымдастыру-құқықтық нысандарының және/немесе оның атауының өзгерген, басқару органының және/немесе атқарушы органының құрамының және/немесе Серіктеске қатысушылардың (акционерлердің, бенефициарлық меншік иелерінің) 10% және одан да астам үлесін иеленген жарғылық қордағы не орналастырылған құрамы (қоғамның артықшылықты және сатып алынған акцияларының – акционерлік қоғамдар үшін шегерімдерімен) өзгерген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде бұл туралы Банкке жазбаша хабарлау. Жобалық талаптардың осы тармағына сәйкес жіберілген хабарлама Тараптардың қосымша келісімдер жасауын талап етпейді;

3.22. Банкке Ынтымақтастық туралы шартта, Банктің Тарифтерінің шеңберінде қарастырылған мөлшерде комиссиялық сыйақы төлеу.

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 6 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	


**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

- 3.23. Банкке деректемелерінің, оның ішінде Ынтымақтастық туралы шартта көрсетілген банктік шоттарының өзгертілуі туралы деректемелер өзгергеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлау.
- 3.24. Банк берген логин мен парольді сақтау, құпия ақпаратты жарияламау (оның ішінде үшінші тұлғалардың жұмыс компьютеріне қолжетімділігін болдырмау және жадының сыртқы тасымалдаушыларында осы ақпаратты көшірмелеуге тыйым салумен), сонымен бірге Банк қарыз/бас тарту беру туралы шешім қабылдаған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннің ішінде клиенттер бойынша жұмыс компьютерінде ақпараттарды өшіру.
- 3.25. Банктің Жүйесіне бекітілген компьютерлерге антивирустық қорғанысты өзінің есебінен және өзінің күштерімен орнату және қолдау.
- 3.26. Серіктестің уәкілетті қызметкерлерінің Банктің жүйесіне, Банктің ақпараттық қауіпсіздік департаментінде тексеруден өтпеген және бизнес-жаттықтырушыларды ресімдеу және on-line тестілеуден өтпеген процесс бойынша емтихан тапсырмаған қызметкерге парольдер мен логиндерді бермеу.
- 3.27. Серіктестің уәкілетті қызметкерлерінің берген парольдері мен логиндерінің сақталуын қамтамасыз ету.
- 3.28. Өзінің қызметкерлерінің банктік құпияны, оның ішінде қарыз алушылар, олардың алған қарыздары туралы мәліметтерді жарияламау, сонымен бірге Банкпен оның жұмысының уақытында оған белгілі болған ақпараттардың құпиялылығын қамтамасыз ету.
- 3.29. Ынтымақтастық туралы шарт бойынша өзінің өкілеттіктерін үшінші тұлғаға бермеу.
- 3.30. Серіктестің уәкілетті қызметкерлерін кредит беру талаптарын, Қарыз шартының үлгі нысанының мазмұнын білуді қамтамасыз ету;
- 3.31. Банктің талап етуі бойынша істелген жұмыстар туралы есепті және Ынтымақтастық туралы шартта бекітілген басқа есептерді өз уақытында және толық көлемде беру;
- 3.32. Қарыз бойынша қажетті құжаттарды мұқият және анық толтыру, өшірілгендердің, түзетілгендердің және тазаланғандардың болуына жол бермеу;
- 3.33. Кредит беру талаптарына қатысты әлеуетті клиенттерді жаңсақтыққа ұрындырмау;
- 3.34. Банк сеніп тапсырған мүліктің сақталуы үшін толық материалдық жауапкершілікте болу, онымен байланысты Банкке оған сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын қамтуға қауіп төндіретін барлық жағдайлар туралы өз уақытында хабарлауға міндеттенеді;
- 3.35. Кешіктірмей, жазбаша немесе ауызша Банкке Банктен және үшінші тұлғалардан Ынтымақтастық туралы шарт бойынша міндеттерді орындау шеңберінде алған құжаттардың жоғалу жағдайы (кез келген негіздер бойынша) туралы хабарлау;
- 3.36. Айқындаған сәттен бастап кешіктірмей Банкке Қарыз шартын Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұзумен жасау дерегі туралы жазбаша хабарлау және бұзушылықты жою үшін шаралар қабылдау не осындай шартты жарамсыз деп тану;
- 3.37. Қарыз алушылардың Қарыз шарттарының талаптарын бұзуы туралы ақпараттар болған кезде, Қарыз шартын жасау және/немесе орындау үшін қажетті мәліметтер берілмегенде немесе сенімсіз мәліметтер берілгенде және өзінің соңынан жағымсыз салдарларға алып келуі, бұрмалауы мүмкін немесе өзге ақпараттар болмағанда, осы туралы мәлімет алған сәттен бастап бір жұмыс күнінің ішінде бұл туралы Банкке жазбаша немесе ауызша нысанда телефон бойынша хабарлау;
- 3.38. Қарыз шартын жасаған кезде құжаттарды дұрыс және өз уақытында ресімдеуді қамтамасыз ету;
- 3.39. Ынтымақтастық туралы шартта, Жобалық талаптарда және оларға қосымшаларда бекітілген өкілеттіктердің шеңберінен шықпау;
- 3.40. Банкке Серіктес және/немесе Серіктестің уәкілетті қызметкері Ынтымақтастық туралы шартта, Жобалық талаптарда және оған қосымшаларда белгіленген өкілеттіктерді жоғарылатумен және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын бұзумен және/немесе клиентті жаңсақтыққа әкелу нәтижесінде және басқа бұзушылықтармен Қарыз шарттарын жасаудың нәтижесінде келтірілген зиянның орнын толтыру;
- 3.41. Банктен Серіктестің қатысуымен Ынтымақтастық туралы шартты орындау барысында немесе Қарыз шарттарын жасаған кезде қателердің болуы туралы хабарлама алған жағдайда, хабарлама алған сәттен бастап 1 (бір) күнтізбелік күннің ішінде айқындалған қателерді жою бойынша шаралар қабылдау және оны 5 (бес) күнтізбелік күннің ішінде жою;

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 7 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

- 3.42. Серіктестің уәкілетті қызметкерлеріне Ынтымақтастық туралы шарттың және Серіктестің қызметін реттейтін онымен байланысты өзге де ресімдердің талаптары туралы ақпараттарды жеткізу;
- 3.43. Банктің талаптарына сәйкес клиенттерге берілетін құжаттарды қабылдау және тексеру;
- 3.44. Кредиттік өтінімді Банктің Жүйесіне енгізу;
- 3.45. Банктің талаптарына сәйкес кредиттік досьені қалыптастыру және оны Банктің уәкілетті қызметкерлеріне қабылдау-тапсыру актісі бойынша беру;
- 3.46. Ынтымақтастық туралы шарт кез келген негіздер бойынша тоқтаған кезде кешіктірмей, Банкке тиісті Қабылдау-тапсыру актісі бойынша Ынтымақтастық туралы шарттың әрекетінің кезінде Банктен алынған құжаттарды, бланкілер мен материалдарды 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтару;
- 3.47. Ынтымақтастық туралы шартта, Жобалық талаптарда және оларға қосымшалардың ережелерінен шығатын өзге де міндеттерді тиісті түрде орындау;
- 3.48. Серіктеске келесілерге тыйым салынады:**
- 3.48.1. Банктің атынан Ынтымақтастық туралы шартта қарастырылмаған Банкке қосымша міндеттер жүктейтін немесе оның мүддесіне қысым жасайтын, ауырtpпалық салатын қандай да бір міндеттерді өздігінен қабылдау;
- 3.48.2. Өзінің қарастыруы бойынша Банкті, Банктің қызметтерін жарнамалау, сонымен бірге Банктің қызметін реттейтін кез келген хатты, жарияланымдарды немесе мақалаларды алдын-ала Банкпен осындай жарнамалық материалдардың мазмұны мен нысандарын келісусіз жазу;
- 3.48.3. Ынтымақтастық туралы шарт бойынша өзінің өкілеттіктерін үшінші тұлғаға беру.
- 3.48.4. Серіктес болжанған қайта табыстау күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кемітпей Банктің жазбаша келісімінсіз Ынтымақтастық туралы шарт бойынша кез келген өзінің құқықтарын немесе міндеттерін өзге түрде үшінші тұлғаларға қайта бермеуге немесе табыстамауға міндеттенеді.
- 3.49. Серіктес осы арқылы келесілерді куәландырады және кепілдік береді:**
- 3.49.1. Серіктес/Серіктестің уәкілетті тұлғалары үшінші тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік органдардың талаптары, талап қоюлары, наразылықтары бойынша Банктің қызметі мен абырой-беделіне айтарлықтай ықпал етуі мүмкін істер бойынша жауапкер болып табылмайды.
- 3.49.2. Серіктес/Серіктестің уәкілетті қызметкері Ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес алған, сонымен бірге Банк пен Серіктестің арасында басқа келісімдер мен мәмілелер бойынша оларға белгілі болған, үшінші тұлғаларға белгілі болмайтын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған жағдайлардан басқасында, банктік құпия болып табылатын мәліметтер мен өзге де ақпараттар;
- 3.49.3. Банктің ақпараттық жүйесінің web интерфейсіне қолжетімділік паролі мен аты туралы мәліметтер үшінші тұлғалардың уәкілетті тұлғаларына жарияланбайды;
- 3.49.4. Серіктес өзінің уәкілетті қызметкерлерінің (Ынтымақтастық туралы шарттың мазмұнынан шығатын өзге міндеттермен бірге) келесі міндеттерді (Серіктестің уәкілетті қызметкерінің міндеттері) орындауын (танысуын) қамтамасыз етуге міндеттенеді:
- 3.49.4.1. Банкке клиенттерді тарту бойынша үгіттеу және жарнамалау іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу.
- 3.49.4.2. кез келген мүдделі клиентке қарыз беру тәртібі, талаптары туралы, клиент қарызды алған кезде және қызмет көрсетілгенде шегетін шығыстар мен қажетті құжаттардың тізімдемелері туралы ақпарат беру;
- 3.49.4.3. Банкке қарыз алуға өтінім беру мақсатында ықтимал клиенттің толтыруына қажетті, Банк ұсынған өтініштердің және басқа да құжаттардың үлгілік нысандарының (бланкілердің) сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ клиент құжаттарының сканерленген немесе алынған көшірмелерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 3.49.4.4. Әлеуетті клиенттерде Банк туралы (көрсетілетін қызметтер туралы) кері пікір қалыптастыруы мүмкін әрекеттерге/әрекетсіздіктерге жол бермеу;
- 3.49.4.5. Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған жағдайлардан басқасында, Ынтымақтастық туралы шарттың әрекетінің мерзіміне байланыссыз Банктен, оның клиенттерінен алынған құпия, банктік, коммерциялық, қызметтік және басқа ақпаратты жариялау бойынша;
- 3.49.4.6. Ынтымақтастық туралы шарт бойынша Серіктестің өзінің міндеттерін орындауына қатысты Банктің ескертулерін жою бойынша.
- 3.49.4.7. Банктің бірінші талап етуі бойынша тиісті Құжаттарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша Ынтымақтастық туралы шарттың әрекетінің ішінде Банктен алынған құжаттарды, бланкілер мен

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 8 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

материалдарды кешіктірмей Банкке қайтару;

3.49.4.8. Ынтымақтастық туралы шартта бекітілген ресімдерге сәйкес операциялар жүргізу.


#### 4. СЕРІКТЕСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ:

- 4.1. Тауарды/Көлік құралын/Қызметтерді сатып алуға Клиенттерге кредит беру талаптары мен тәртібі туралы толық ақпаратты, сонымен бірге Ынтымақтастық туралы шартты орындау үшін қажетті өзге де кеңестерді алу.
- 4.2. Кредит беру талаптары немесе тарифтері өзгерген жағдайда Банктен ақпарат алу.
- 4.3. Банктен сапалы қызметтер көрсетуді талап ету.
- 4.4. Банк тарифтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде, Ынтымақтастық туралы шарттан бас тарту.
- 4.5. Банктің ішкі істеріне араласпай, Тауарды/Көлік құралын/Қызметтерді сатып алуға Клиенттерге кредит берудің барысы мен талаптарын бақылау.

#### 5. БАНКТИҢ МІНДЕТТЕРІ:

- 5.1. Банктің жауапты қызметкерін Серіктестің құрылымдық бөлімшелерінің үй-жайына (филиалдарына) жіберу және қажет болғанда, Серіктестің үй-жайында Банктің жауапты қызметкеріне жұмыс орнын жабдықтау үшін мүлік беру, қажетті ақпаратты, оның ішінде Серіктестің уәкілетті қызметкерлерінің логині мен паролін беру;
- 5.2. Банктің жауапты қызметкері Серіктестің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдарының)/ Серіктестің сауда орнының/ қызмет көрсету орнының жұмыс сағаттарында кредитке Тауарды/Көлік құралын/Қызметтерді сатуды ресімдеу бойынша операциялар жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті;
- 5.3. Тауарды/Көлік құралын/Қызметтерді сатып алуға мүдделі тұлғаларға Серіктестің сауда орындарының/ қызмет көрсету орнының сатып алушыларына жұмыс сағаттарында кредит беру талаптарын және сақтандыру талаптарын сипаттаумен жарнамалық материалдарды, қарыз алу үшін хабарласу талаптары мен ресімдері туралы материалдарды көрсету;
- 5.4. Ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес Тауарды/Көлік құралын/Қызметтерді сатуды ресімделген қарыздар бойынша Серіктеске ақша аудару;
- 5.5. Серіктеске Серіктестің құрылымдық бөлімшелерінің аумағында орналастырылатын мүліктерді жауапты сақтауға мүлікті тапсыру актісінің негізінде беру (Жобалық талаптарға № 1 қосымша);
- 5.6. Серіктеспен ынтымақтастық нәтижесінде Банкке берілген қызметтердің, оның ішінде телефон және Интернет байланысы қызметтерінің ақысын төлеу;
- 5.7. Серіктеске Ынтымақтастық туралы шарттың талаптарын Серіктестің орындауы үшін қажетті Банкте қолданыстағы банктік бөлшек өнімдеріне қатысты ақпарат беру;
- 5.8. Ынтымақтастық туралы шартта қарастырылған жағдайларда Серіктеске көрсеткен қызметтері үшін Серіктеске наразылығы болмаған кезде Агенттік сыйақы төлеу.
- 5.9. Серіктеске кредит беру өнімі бойынша талаптардың өзгеруі туралы осындай өзгерісті Банктің уәкілетті органы бекіткен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде жазбаша түрде хабарлау.
- 5.10. Серіктеске Қазақстан Республикасының заңмаларында және Жобалық талаптарда бекітілген тәсілдермен барлық өзгерістер, жаңа өнімдер мен қызметтер туралы хабарлау (Байланыс құралдары - электрондық байланыс, СМС-хабарлама, факс).
- 5.11. Өтемі негізде, қажет болғанда қарыз беру үшін өтініш жасау рәсімдері мен ережелеріне қатысты Клиенттерге кеңес беруі үшін тиісті деңгейдегі дайындықты қамтамасыз ету үшін талап етілетін Серіктестің қызметкерлерін оқытуды кезеңділікпен жүргізу;
- 5.12. Ынтымақтастық туралы шартты орындау үшін өзінің қызметкерлері мен Серіктестің қызметкерлерінің арасында ынтымақтастықты қамтамасыз ету;
- 5.13. Қажет болғанда Сауда ұйымының уәкілетті қызметкерлеріне логин мен паролін беру.
- 5.14. Серіктестің уәкілетті қызметкерлерінің өтінімі бойынша Серіктестік қызметтерді көрсету үшін қажетті банктің бөлшек өнімдері туралы ақпараттармен Банктің жарнамалық-ақпараттық өнімдерін (қағаз және/немесе электрондық тасымалдаушыларда) қамтамасыз ету.



 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 9 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

5.15. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк Серіктестің, оның уәкілетті тұлғасының сәйкестендіру құралдарының үшінші тұлғалардан сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз ету.

## 6. БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ:

6.1. Серіктес Үнтымақтастық туралы шарт бойынша Банкке тиесілі комиссиялық сыйақыны төлемеген кезде, сонымен бірге Үнтымақтастық туралы шартта қарастырылған сыйақыны өз уақытында төлемегені үшін тұрақсыздық айыппұлын Банкте ашылған Серіктестің кез келген банктік шоттарынан комиссиялық сыйақыны Шотқа ақша аудару үшін есептен шығару;

6.2. Серіктестен оның қызметіне араласпай, кез келген кезең бойынша сату бойынша қызметтер көрсетудің барысы туралы танысу;

6.3. Серіктеспен келісілген орында, Серіктестің құрылымдық бөлімшелерінің үй-жайында тұтынушылық кредит беру туралы ақпараттық-жарнамалық материалдарды өтемсіз негізде орналастыру;

6.4. Үнтымақтастық туралы шартқа қол қойғаннан кейін ақысыз негізде Серіктестің логотипі мен атауын пайдалануға және Серіктеспен келісім бойынша барлық кредит беру туралы ақпараттық-жарнамалық материалдарда Серіктес туралы ақпаратты орналастыру;

6.5. Серіктестен Тауарға/Көлік құралына/Қызметтерге бағалардың өзгеруі туралы, Серіктестің сауда ұйымының желісінде Банктің сату үлесі туралы ақпарат алу;

6.6. Заңнамаларда, Жобалық талаптарда, Үнтымақтастық туралы шартта және оларға қосымшаларда қарастырылған өзге де әрекеттерді жасау.

6.7. Клиентке (оның құқықтық мұрагеріне) үшжақты Сатып алу-сату шартына қол қойғаннан кейін және Клиентке келесі жағдайларда қарыз берген күнге дейін қарыз беруден бас тарту:

6.7.1. Клиент өзі, өзінің тұрғылықты жері, қаржылық жағдайы, отбасылық мәртебесі туралы қасақана жалған мәліметтер бергенде, қарызды ресімдеу кезінде бөтен немесе жекеленген құжаттарды пайдаланғанда;

6.7.2. соңынан клиенттің уақытша немесе толықтай еңбек қабілетсіздігіне алып келген бақытсыздық жағдайы туындағанда;

6.7.3. Клиенттің қайтыс болуы;

6.7.4. Клиенттің қаржылық жағдайы немесе отбасылық мәртебесі өзгергенде;

6.7.5. Клиент Тауарды/Көлік құралында ақаулардың көрініп тұруына байланысты Тауарды/Көлік құралын сатып алудан бас тарту және/немесе осындай Қызметтерді орындамауына/тиісті орындамауына байланысты Қызметтерді орындалмады деп қабылдау;

6.7.6. клиенттің көлік құралы кепілі шартына қол қоюдан бас тартуы;


6.8. Серіктестің ақшасымен және (немесе) басқа мүлкімен жасалатын операциялардың «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) терроризмді қаржыландыруға қатысы бар деп пайымдауға негіздеме болған жағдайда Банк осы Үнтымақтастық туралы шартты біржақты тәртіппен бұзу;

6.9. ҚР заңнамаларында және Жобалық талаптарда қарастырылған жағдайларда Үнтымақтастық туралы шарттан бас тартқан күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмеген мерзімде Серіктеске хабарлаумен Үнтымақтастық туралы шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тарту. Егер Банкте клиенттің ақшасымен және (немесе) басқа мүлкімен жасалатын операциялардың «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қатысы бар деп болжауға негіздемелері болған жағдайда, хабарлаусыз Үнтымақтастық туралы шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тарту;

6.10. Үнтымақтастық туралы шартқа сәйкес келесі жағдайларда төлем қызметтері үшін комиссияға өзгерістер мен толықтыруларды біржақты тәртіпте енгізу:

6.10.1. халықаралық төлемдер және/немесе ақша аударымдарын жүргізген кезде ұлғайту жағына қарай;

6.10.2. оларды азайту жағына қарай;

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 10 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

6.10.3. Ынтымақтастық туралы шарт бойынша көрсетілетін Банктің жаңа қызметтері бойынша жаңа комиссияларды енгізу жолымен.

Барлық осындай жағдайларда Банк Серіктесті бұл жөнінде Банктің WEB-сайтында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы комиссиялардағы/тарифтердегі өзгерістер/толықтырулар күшіне енгенге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, [www.eubank.kz](http://www.eubank.kz) электрондық мекенжайы бойынша олар күшіне енген күнді көрсете отырып хабардар етеді.

6.11. Жобалық талаптардың 6.10. тармағында қарастырылмаған басқа жағдайларда, Банк көрсететін төлем қызметтері үшін комиссияларды/Тарифтерді ұлғайту Клиентпен келісім бойынша олар күшіне енгенге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, [www.eubank.kz](http://www.eubank.kz) электрондық мекенжайы бойынша Банктің WEB-сайтында олар күшіне енген күн көрсетілген тиісті хабарламаны орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Егер Серіктес Жобалық талаптардың 11.3. тармағына сәйкес Ынтымақтастық туралы шартты бұзуды өзінің қалауы туралы жазбаша хабарламағанда, Банктің комиссиясына/тарифтеріне өзгерістер және толықтыруларды Серіктес қабылдады деп есептеледі және одан әрі қарай тиісті Қосымша келісім жасаумен хабарламада көрсетілген күнге Банкте әрекетке енгізіледі.

6.12. Хабарлаған сәтте болған және туындаған кез келген берешекті өтеуді талап ету, ал Серіктес осындай талап қойған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы талапты орындауға міндеттенеді.

6.13. Келісім шеңберінде Серіктестің Банкке көрсететін қызметтерінің сапасына бағалау жүргізу.

6.14. Серіктестің қызметін бақылау.

6.15. Серіктестен Ынтымақтастық туралы шарттың талаптарын орындауды талап ету.

6.16. Серіктестен кез келген уақытта Ынтымақтастық туралы шарттың орындалуы туралы есеп беруді талап ету.

6.17. Серіктестіктің қызметкерлерімен агенттік келісім жасау.

6.18. Серіктес қате қаржыландыру туралы жазбаша хабарлама жіберген кезде, Серіктестің Банктен қате алған ақшасының сомасын Серіктестің шотынан тікелей дебеттеу жолымен есептен шығару.

6.19. Қате қаржыландыру кезінде ақша қайтаруды Банк Серіктестің қосымша келісімінсіз Серіктестің ақша қате аударылған шотынан ақшаны алып қою арқылы жүзеге асырады.

6.20. Серіктестің кінәсі бойынша мүлде қайтарымсыз қарыз берумен байланысты шынайы зиянның орнын өтеуді Серіктестен талап ету (жауыз ниеттілермен бірге, тиісті сәйкестендірілмеген кезде, клиент не құжаттардың көшірмелері және т.б. болмаған кезде қарызды ресімдеген кезде).

6.21. Заңнамаларда, Ынтымақтастық туралы шартта, жобалық талаптарда және оларға қосымшаларда қарастырылған өзге де әрекеттерді жасау.

## 7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

7.1. Ынтымақтастық туралы шарт бойынша өзінің міндеттерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тараптар Ынтымақтастық туралы шарттың, Жобалық талаптардың талаптарына сәйкес жауапкершілікте, ал оның қарастырылмаған бөлігінде - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

7.2. Банк Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Серіктестің алдында банктік құпияны жариялағаны үшін жауапкершілікте болады.


7.3. Банк Серіктестің Клиентке сататын Тауарының/ Көлік құралының/Қызметтерінің сапасы мен жиынтықтылығы үшін жауапкершілікте болмайды.

7.4. Серіктес Клиенттерге берген Банктің банктік қызметтердің сапасы үшін, Серіктес (Серіктестің қызметкерлері) тікелей немесе жанама Банктік қызметтерді тиісті емес сапада бергені үшін кінәлі болған жағдайлардан басқасында, жауапкершілікте болмайды.

7.5. Серіктес кредитке ресімделген Тауарды/Көлік құралын тиісті бермегені үшін жауапкершілікте болады.

7.6. Серіктес жеткізілетін Тауарға/Көлік құралына үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынбағанына, дауда және/немесе кепілде тұрмағанына жауапкершілікте болады және кепілдік береді.

7.7. Тауарды/Көлік құралын Клиентке тиісті түрде бермеген жағдайда, Серіктес Клиенттің берешегінің сомасын толық көлемде өтеп беру үшін Банк алдында жауапкершілікте болады немесе Клиент талап еткен (өтініш жасаған) сәттен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде ақысыз негізде ұқсас Тауарды/Көлік

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 11 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

құралын қайтару арқылы Тауарды/Көлік құралын Клиентке тиісті түрде тапсырмау салдарларының жойылуын қамтамасыз етеді. Тауарды/Көлік құралын беру міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Серіктес Банктің ауызша немесе жазбаша талабын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарыз сомасын Банкке қайтарып беруге міндетті.

7.8. Банк Клиенттердің алдында осы Ынтымақтастық туралы шарт негізінде Банкке қызметтер көрсететін Серіктестің Банк талаптарына сәйкес және Банктің Серіктеспен жасаған Шартының талаптары бойынша Клиенттердің құжаттарын тексеру және Банкке тапсыру бойынша жасаған заңсыз әрекеттері үшін жауапкершілікте болмайды.

7.9. Серіктес Ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес шығарған шоттар бойынша ақы төлеу мерзімін кешіктірген жағдайда не Банктің мүлкін өз уақытында қайтармаған жағдайда, Банк Серіктестен әрбір мерзімі кешіктірілген күн үшін мерзімі кешіктірілген төлемнің сомасынан 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз), бірақ төлеуге тиісті сомадан 10%-дан (он пайыздан) асырмай тұрақсыздық айыппұлын өндіруге құқылы. Шот шығарған күннен бастап ақы төлеуді 35 (отыз бес) күнтізбелік күннен астам кешіктірген жағдайда, Банк Серіктестің төлеуі тиісті сомасын сот тәртібінде өндіріп алуға құқылы.

7.10. Серіктес Банктің алдында әрбір бұзушылығы үшін 10 (он) АЕК мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлының нысанында жауапкершілікте болады, атап айтқанда: Ынтымақтастық туралы шарт бойынша және кредит беру процесінде өзінің міндеттерін орындау шеңберінде оның алған ақпаратының сақталуы және қорғалуы (банктік құпияның, коммерциялық құпияның жариялануы); Серіктестің қызметкерлерінің әрекеті үшін өзінің жеке әрекеттері сияқты; кредиттік досьенің /Қарыз шартының дұрыс емес және толық емес ресімделуі және кредиттік досьені, қарыз шарттарының екінші данасын өз уақытында тапсырмауы, актілерге қол қоймауы және есептер бермеуі.

7.11. Банкке Серіктес ресімдеген жасалған Қарыз шарты бойынша Қарыз шарттарын жасау бойынша тапсырманы алып тастау туралы белгілі болғанда немесе белгілі болуы қажет болғанда, оның ішінде Серіктестің уәкілетті қызметкері Қарыз шартын Ынтымақтастық туралы шартта берілген оған тиісті өкілеттігі болмай (өкілеттіктің шегінен тыс шығып) жасағанда, қарыз беру туралы талап қойылған жағдайда, Серіктес Банктің алдында толық материалдық жауапкершілікте болады.

7.12. Банк Қарыз шарттарын жасау тәртібін бөлшек бөлімшелердің қызметкерлерінің/Банктің бұзуы нәтижесінде Серіктеске келтірілген зиянның орнын (санкцияларды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының тарапынан) толық көлемде толтыруға міндетті.

7.13. Банк Клиенттердің алдында осы Ынтымақтастық туралы шарт негізінде Банкке қызметтер көрсететін Серіктестің Банк талаптарына сәйкес және Банктің Серіктеспен жасаған Шартының талаптары бойынша Клиенттердің құжаттарын тексеру және Банкке тапсыру бойынша жасаған заңсыз әрекеттері үшін жауапкершілікте болмайды.

7.14. Клиент қызметтерді қабылдаудан бас тартқан/Серіктеске төлеген соманы толық немесе ішінара қайтару қарастырылған көрсетілген қызметтерде кемшілік айқындалған жағдайда, Серіктес Банктің алдында берешектің сомасын толық немес ішінара көлемде толтыру бойынша жауапкершілікте болады - көрсетілген қызметтің құны соған шамалас азайтылған жағдайда не көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді өтемсіз жоюды қамтамасыз етеді (клиентке осындай біртекті материалдан осындай сападағы басқа затты өтемсіз дайындайды) немесе осындай құқық сатып алушымен шартта қарастырылған жағдайда, сатып алушының осындай кемшіліктерді жоюға кеткен шығыстарының орнын толтырады.


7.15. Банкке кредиттің сомасын өтеген кезде Серіктес Банктен ауызша не жазбаша талап алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде оны қайтаруға міндетті.

7.16. Банк клиенттердің алдында Серіктестің құқыққа сай емес әрекеттері үшін жауапкершілікте болмайды.

## 8. ЕҢСЕРІЛМЕС КҮШТЕР

8.1. Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісті орындамау еңсерілмес күш жағдайларының салдарынан (форс-мажор) туындағанын дәлелдеген жағдайда міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті түрде орындалмағаны үшін жауапкершілікте болмайды.

8.2. Еңсерілмес күш жағдайларының туындауы туралы ақпаратты алған кезде осы жағдайға ұшыраған Тарап осындай оқиғалардың туындауы туралы кешіктірмей екінші Тарапқа хабарлама жіберуге, сонымен бірге осындай еңсерілмес күш жағдайлары жалғасатын мерзімге негізделген баға беруге

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 12 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

міндеттенеді. Осындай жағдайлардың туындауына сілтеме жасайтын Тарап уәкілетті органның растауын ұсынуы тиіс.

8.3. Еңсерілмес күш жағдайларының әрекеті бір күнтізбелік айдан астам болған жағдайда, Тараптар бірінің бастамасы бойынша Ынтымақтастық туралы шартты болжанған бұзу күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен бұрын келесі Тарапқа хабарлаумен соттан тыс тәртіпте Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар Ынтымақтастық туралы шартты бұзған күнге дейін Өзара екіжақты есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісіне қол қоюға және бір-бірінің алдындағы барлық ақша міндеттерін орындауға міндеттенеді.

## 9. ҚҰПИЯЛЫ АҚПАРАТ

9.1. Тараптар осы Ынтымақтастық туралы шарт талаптарының және Тараптардың бірі құпиялы ақпарат ретінде немесе сипаты бойынша құпиялы деп танылуы тиіс ақпарат ретінде ашқан барлық ақпараттың, қарыздар беру рәсіміне және тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуге, клиенттің дербес мәліметтеріне, логиндері мен парольдеріне қатысты ақпараттың, кез келген есепті кезеңде берілген қарыздар саны мен сомасы туралы ақпараттың және Тараптарға қатысты іскерлік ақпараттың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Тараптардың ішкі құжаттарына сәйкес құпиялыға жататын басқа ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді;

9.2. Тараптардың екеуі де лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің және өкілдерінің Тараптардың құпиясын сақтауын және барлық мұндай құжаттама мен ақпаратты құпиялы деп бағалауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

9.3. Құпиялы ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, жариялау немесе жария ету тек екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен осындай ақпаратты алуға тікелей уәкілетті етілген органдар мен лауазымды тұлғалардың талабы бойынша ғана мүмкін болады.

9.4. Егер Тарап Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға ашуға ниеттенген жағдайда, ол бұл туралы осы Құпиялы ақпараттың иесі болып табылатын екінші Тарапты хабардар етуге және мұндай ашып көрсетуге оның алдын ала жазбаша келісімін алуға тиісті және Құпия ақпараттың иесінен мұндай ақпаратты ашып көрсетуге жазбаша келісім алынған жағдайда үшінші тұлғадан оған берілетін Құпиялы ақпаратты жария етпеу талаптарын сақтау туралы жазбаша міндеттемені алдын-ала алуы тиісті.

9.5. Тараптардың бірде-бірі Тараптардың қызметін жарнамалауды қоспағанда, Тараптар арасындағы жазбаша келісім бойынша жасалған мәлімдемелерді немесе Тараптар арасында нысан мәтіні мен мәлімдемені тарату көзі туралы алдын ала келісілген жағдайда мұндай мәлімдемені жариялау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес талап етілген жағдайды қоспағанда, баспасөз релиздерін жарияламайды немесе Ынтымақтастық туралы шарт талаптарына қатысты басқаша жария мәлімдемелер мен хабарламалар жасамайды.


9.6. Тараптардың кез келгені екінші Тараптың Құпиялы ақпаратын жария еткен немесе таратқан жағдайда кінәлі Тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарапқа келтірілген залалдарды өтеп беруге міндетті және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жауапкершілікте болуға тиіс. Осы талаптар Құпиялы ақпаратты жариялаған Тарап осындай жариялауы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының талаптары болып табылатынын не Құпиялы ақпаратты жариялау келесі Тараптың жазбаша мақұлдауынан кейін жүргізілгенін не Құпиялы ақпарат үшінші тұлғаларға осы Шартпен байланысты емес жағдайлар бойынша қолжетімді болғанын дәлелдегенде қолданылмайды.

9.7. Жобалық талаптардың осы бөлімінің ережелері Ынтымақтастық туралы шарттың әрекеті аяқталғаннан немесе тоқтағаннан кейін де күшінде қалады.

## 10. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

10.1. Ынтымақтастық туралы шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен реттеледі.

10.2. Тараптар Ынтымақтастық туралы шартқа қатысты туындайтын кез келген дауларды немесе келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу үшін бар күштерін салуға міндеттенеді. Дау реттелмеген жағдайда, ол Алматы қ. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына беріледі.

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 13 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

10.3. Тараптар дауларды шешу барысында дәлел ретінде электрондық ақпарат тасымалдаушындағы операциялар туралы деректерді мойындауға келіседі.

10.4. Жазбаша хабарландырулар, егер оған қолхатпен тапсырылса немесе тапсырысты хатпен жіберілген болса, келесі Тарап алған деп есептеледі (почта түбіртегі болған кезде).

## 11. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ ШАРТТЫ БҰЗУ ЖӘНЕ ӨЗГЕРТУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Ынтымақтастық туралы шартқа кез келген өзгерістер және/ немесе толықтырулар жазбаша түрде жасалған, мөрлермен бекітілген, осы Шарттың қосымшалары немесе қосымша келісімдері түрінде жасалса және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса, жарамды деп есептеледі. Осындай қосымшалар және Қосымша келісімдер Ынтымақтастық туралы шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады.

11.2. Тараптардың әрқайсысы Ынтымақтастық туралы шартты біржақты соттан тыс тәртіппен, екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күннен бұрын жазбаша хабарлама жіберу арқылы бұзуға құқылы.

11.3. Тараптардың әрқайсысы келесі тарап Шартты айтарлықтай бұзған жағдайда, Шарт бойынша кез келген айтарлықтай бұзылған міндеттерді жоюы мүмкін болғанда, бірақ бұзушылық туралы хабарлама алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жойылмай қалған міндеттеме болғанда, Жобалық талаптардың 7.1.т. ережесінің есебімен келесі тарапқа жазбаша хабарлама жіберу жолымен Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Банктің тарапынан қызметтік тексеру жүргізу үшін негіздер беретін деректер мен жағдайлар айқындалған кезде, Банк Ынтымақтастық туралы шартты біржақты тәртіпте тоқтатуға құқылы. Ынтымақтастық туралы шарттың әрекеті тоқтаған кезеңде уәкілетті қызметкерлердің өкілеттігі толықтай немесе Банк жекеленген нұсқаулар бергенге дейін толықтай немесе жекелей тоқтатылады;

11.4. Ынтымақтастық туралы шартты тоқтату Тараптардың бірде-бірінің де тоқтату сәтінде болған кез келген жауапкершіліктен босатпайды және ешқандай түрде Ынтымақтастық туралы шартта және Жобалық талаптарда тікелей қарастырылған жағдайлардың әрекеті тоқтатылғаннан кейін күшінде қалатын Тараптардың кез келген құқықтары мен міндеттерінің жарамдылығына әсер етпейді.

11.5. Ынтымақтастық туралы шартты бұзған кезде:

11.5.1. ДК жыл сайынғы қызмет көрсеткені үшін Серіктестің қызметкерлеріне Банктің төлеген сыйақысы қайтарылмайды;

11.5.2. Серіктестің қызметкерлері мен Серіктестің Банктің алдындағы барлық бар берешектері төленуі қажет.


11.6. Жобалық талаптарға өзгерістерді Банк [www.eubank.kz](http://www.eubank.kz) сайтында орналастыру және баспалық басылымдарда жариялау, сонымен бірге олар әрекетке енгізілгенге дейін 10 (он) жұмыс күнінен бұрын кешіктірмей Жобалық талаптардың жаңа мәтінін операциялық залдарда, бөлімшелерде орналастыру жолымен енгізеді. Серіктес Жобалық талаптарға өзгерістер мен толықтырулар туралы Банктің бөлімшелерінде/филиалдарында, [www.eubank.kz](http://www.eubank.kz) мекенжайы бойынша Банктің сайтында өздігінен танысуға міндетті, егер Серіктес өзгерістермен және толықтырулармен келіспеген жағдайда, Серіктес Банкке Жобалық талаптарға осындай өзгерістер (толықтырулар) енгізілгенге дейінгі күннен кешіктірмей бұл туралы хабарлаумен, Серіктес Банктің алдындағы барлық өзінің міндеттерін орындаған кезде, Ынтымақтастық туралы шартты бұзуға құқылы.

11.7. Банкпен ҚР заңнамасымен шектеулер қойылмаған өнімдерге/қызметтерге қатысты ғана Жобалық талаптарға өзгертулер біржақты тәртіпте енгізіледі.

11.8. Серіктес Жобалық талаптарға немесе Тарифтерге Банк көрсеткен күнге дейін өзгерістермен байланысты келіспеу туралы хабарлама бермеген жағдайда, Ынтымақтастық туралы шарт, Тарифтер өзгерістердің есебімен әрекетке енгізіледі.

11.9. Банк Серіктеске Байланыс құралдары арқылы ақпарат берген жағдайда, Серіктес Ынтымақтастық туралы шартқа және Жобалық талаптарға сәйкес Серіктеске ақпарат беру бойынша Банк өзінің міндеттерін орындау үшін жеткілікті ақпаратты электрондық және факсимиле құралдарымен бергенін мойындайды.

11.10. Серіктес Байланыс құралы арқылы алынған Ақпараттың заңдық тұрғыдан Банктің уәкілетті тұлғалары қолдарымен және Банк мөрімен бекітілген қағаз жүзіндегі тиісті құжаттарды алумен тең болатынына келіседі.

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 14 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

11.11. Осы арқылы Серіктес Байланыс құралы арқылы Ақпарат беру Серіктестің Ақпаратты қауіпсіз түрде алуын қамтамасыз етпейтінін және үшінші тұлғалардың Ақпаратқа қол жеткізу қауіп бар екенін растайды. Осы арқылы Серіктес Ақпарат берудің мұндай нысандарын пайдаланумен, мұнымен қатар Ақпаратты алмаумен немесе уақытында алмаумен, үшінші тұлғалар тарапынан санкцияланбаған (рұқсат етілмеген) қол жеткізу мүмкіндігімен, оның ішінде алаяқтық әрекеттер, Ақпаратты әдетте Серіктестің тапсырмасымен компьютерлік жабдықты, ұялы (мобильді) телефон немесе Серіктес офисінде/үйінде немесе кез келген басқа жерде орналасқан факс аппаратын пайдаланып алатынына байланыссыз, Серіктестің уәкілетті емес тұлғаларының немесе үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалануымен және тиісті түрде пайдаланбауымен байланысты барлық және кез келген тәуекелді өзіне қабылдайды.


11.12. Банкке комиссиялық сыйақы төлеу Банктің Тарифтеріне сәйкес Ынтымақтастық туралы шартта қарастырылған мөлшерде жүргізіледі.

11.13. Тараптар осы Шартты орындаумен байланысты олар алмасатын ақпараттарды құпиялы ақпараттар деп есептеуге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының талаптарына сәйкес міндетті болып табылатын осындай ақпаратты беру жағдайларынан басқасында, оны келесі Тараптың жазбаша рұқсатынсыз жарияламауға келісті.

11.14. Ынтымақтастық туралы шартта және Жобалық талаптарда қарастырылмағандардың барлығында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылыққа алады.

## **12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

12.1. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа өзінің атауы, мекенжайы, телефон нөмірі және факсі және Интернеттегі мекенжайының өзгергені туралы осындай өзгеріске дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлауға міндеттенеді.

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 15 бет</b>
	Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

**Жобалық талаптарға  
№ 1 қосымша**

**№ \_\_ МҮЛІКТІ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН САҚТАУҒА БЕРУ АКТІСІ/**


\_\_\_\_\_ қала/город.

20\_\_ ж/г. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ сағат/часов \_\_\_\_\_ минут

«Еуразиялық банк» АҚ, бұдан әрі «Банк» деп аталады, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет етуші [КӨРСЕТУ] \_\_\_\_\_ [Лауазымы][ТАӘ] арқылы бір жағынан және \_\_\_\_\_ (бұдан әрі «Серіктес» деп аталады,) негізінде әрекет етуші [КӨРСЕТУ] \_\_\_\_\_ [Лауазымын][ТАӘ] арқылы екінші жағынан, бұдан әрі қарай бірлесіп - «Тараптар» деп аталатындар, Банктің Серіктеспен жасаған 20\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ №- \_\_\_\_\_ ынтымақтастық туралы шартын орындау үшін қажетті Мүлікті жауапты сақтауға тапсыратыны, Серіктестің сол Мүлікті қабылдайтыны туралы Актіге қол қойды, орналасқан мекенжайы: (Мекенжайы) \_\_\_\_\_  
(салонның орналасқан орны)

№	Атауы	Сериялық нөмірі	Теңгенің бір бірлігі үшін бастапқы баға, ҚҚС есепке алынбай	Саны	Теңгеде базалық құны, ҚҚС есептемегенде
1	Компьютер ( _____ моделі және т.б./ модель и т.д.)				
2	Принтер, факс, ксерокс, сканер (1-де 4/4 в 1)				
3	Телефон аппараты/ Телефонный аппарат				
4	Модем				
5	Антенна (Radiohernet)				
6	Софт				
7	Жиһаз (үстел, орындықтар)/ мебель (стол, стулья)				
...					
	<b>БАРЛЫҒЫ/ ИТОГО:</b>				

1. Мүліктің базалық құны ҚҚС есебінсіз \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ ) теңгені құрайды.
2. Серіктестің алған мүлікке наразылығы жоқ.
3. Серіктестің кінәсі бойынша Банктің мүлкі жоғалған немесе зақымдалған жағдайда, Банктің мүлкіне Банктің жауапты қызметкері болмаған кезде Банктің жұмыс сағатында және автоорталықтың жұмыс емес кез келген уақытында зиян келтірілген жағдайда, осындай зиян табиғи апаттардың не үшінші тұлғалардың қасақана құқыққа қарсы әрекеттердің/әрекетсіздігінен болған жағдайда, оның кінәсі даусыз деп танылады және Банк дәлелдемені талап етпейді деп танылады.
4. Зиян үшінші тұлғалардың қасақана құқыққа қарсы әрекеттерінің/әрекетсіздігінің салдарынан болған жағдайда, Серіктестің Банктің мүлкіне келтірілген орнын толтыру бойынша міндеттерді

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 16 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

орындау мерзімі тиісті қаулыны құқық қорғау органдары шығарған сәттен бастап соттың қаулысы күшіне енген сәтке дейін тоқтатылады.

5. Сот үшінші тұлғаның келтірген зиянын сотпен таныған жағдайда Серіктесте зиянның орнын толтыру бойынша міндеттер туындамайды және Банк кінәлі тұлғаға мүліктік талап қою арқылы зиянның орнын толтыруды Серіктестің қатысуынсыз өздігінен жүргізеді.

6. Осы Акті оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Банктің мүлкіне зиян келтірген жағдайда, осындай зиянның орны толық өтелгенге дейін Банктің мүлкін қайтарған сәтке дейін әрекет етеді.

7. Осы Акті мемлекеттік тілде және орыс тілінде 2 данада жасалған және қол қойылған (Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан). Әр данасының бірдей заңды күші бар.

Мүлікті қабылдады:

(лауазымы)

\_\_\_\_\_/ (қолы) ТАӘ

**Тараптардың қолдары:**

**Банк:**

\_\_\_\_\_  
(Серіктестің атауы)

\_\_\_\_\_  
уәкілетті тұлғаның лауазымы


\_\_\_\_\_/ уәкілетті тұлғаның қолы ТАӘ

\_\_\_\_\_/ уәкілетті тұлғаның қолы ТАӘ

М.О.

М.О.




 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 17 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

**Жобалық талаптарға  
№ 2 қосымша**

<p><b>Тауарды қайтаруды растау</b></p> <hr/> <p style="text-align: center;">_____ (клиенттің ТАӘ / өтінішінің нөмірі)</p> <p>Мен, _____ клиенттің қайтарғанын растаймын (Серіктестің өкілінің ТАӘ ) _____ (клиенттің ТАӘ)</p> <hr/> <p style="text-align: center;">_____ (тауардың атауы)</p> <p>Тауарды қайтару себебі _____, (Серіктестің өкілі толтырады) _____ (_____ ) (сомасы жазумен) теңге сомасында.</p> <p>Тауарды қайтарған күні 20__ ж. «_» _____., (Серіктестің өкілі толтырады)</p> <p>Серіктестің клиентке наразылығы жоқ. Серіктестің деректер қорында осы Тауардың қайтарылғаны тіркелген. Банкке _____ (_____ ) жұмыс күнінің ішінде ақшаны қайтаруға кепілдік береміз.</p> <p>Серіктестің өкілі _____ (ТАӘ / лауазымы)</p> <p>Серіктестің өкілінің қолы _____</p> <p>М.О. М.О.</p>
---

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 18 бет</b>
	Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы	

Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары

Жобалық талаптарға  
№ 3 қосымша

### Шығыстардың орнын толтыру актісі

Реттік №	Шығындар бабының атауы	Көлемі


**ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:**

**Банк:**

**Серіктес:**

\_\_\_\_\_ [Т.А.Ә.]  
М.О.

\_\_\_\_\_ [Т.А.Ә.]  
М.О.

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 19 бет</b>
	Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы	

Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары

**Жобалық талаптарға  
№ 4 қосымша**

**МҮЛІКТІҢ ЖОҒАЛҒАНЫ/БҮЛІНГЕНІ АНЫҚТАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ АКТІ /**

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ сағат  
Қала

\_\_\_\_\_ минут  
Акті жасау

**Акті жасалған орын:** \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Ұйым атауы

\_\_\_\_\_ Орынның орналасқан жері

**Мүліктің Жоғалған/Бүлінген күні мен уақыты**

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ минут

Жетіспеген анықталған күн мен уақыт

**Мүліктің Жоғалғаны/Бүлінгені анықталғанда:**

«Еуразиялық банк» АҚ атынан

\_\_\_\_\_ ТАӘ

\_\_\_\_\_ Лауазымы

**Серіктестен**

\_\_\_\_\_ Серіктес ұйым атауы

\_\_\_\_\_ Өкілдің ТАӘ

\_\_\_\_\_ Өкілдің лауазымы

**Күзет ұйымынан**

\_\_\_\_\_ Күзет ұйымының атауы

\_\_\_\_\_ Өкілдің ТАӘ

\_\_\_\_\_ Өкілдің лауазымы

**Қарау кезінде мынадай Мүліктің Жоғалғаны/Бүлінгені анықталды:  
Керектісінің асты сызылсын**

Атауы	Өлшем бірлігі	Саны
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		

Барлық саны жазбаша: \_\_\_\_\_

**Актіні жасауға қатысқан тұлғалардың қолы:**


\_\_\_\_\_ ТАӘ

\_\_\_\_\_ Қолы

\_\_\_\_\_ ТАӘ


\_\_\_\_\_ Қолы



 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22 тен 21 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

**Жобалық талаптарға  
№ 5 қосымша**


 <b>Еуразиялық Банк</b>	Осы банктік қарызды мақұлдау туралы хабарлама Банктік қарыз шартынсыз жарамсыз болып есептеледі.
Банктік қарыз шарты/ Договор банковского займа _____	Сауда орнының атауы/ наименование торговой точки _____ Сауда орнының мекенжайы/ Адрес торговой точки _____
<b>ҚАРЫЗДЫ МАҚҰЛДАУ ЖӘНЕ ТАУАРДЫ АЛУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА/ УВЕДОМЛЕНИЕ ОБ ОДОБРЕНИИ ЗАЙМА И ПОЛУЧЕНИИ ТОВАРА</b>	
<p>«Еуразиялық банк» АҚ осы хабарлама арқылы Сауда ұйымымен шарт негізінде банктік қарыз беруді мақұлдайтынын және кейіннен келесі тауарлар үшін банктік қарыз сомасын (жалпы сомасы _____ (жазбаша және санмен көрсетіңіз) теңге) аударатынын растайды</p> <p>Тауардың атауы: _____ тауар құны: _____  Тауардың атауы: _____ тауар құны: _____</p> <p>Тауардың атауы: _____ тауар құны: _____  Тауардың атауы: _____ тауар құны: _____</p> <p>Тауардың атауы: _____ тауар құны: _____  Тауардың атауы: _____ тауар құны: _____</p> <p>Сатып алушы/қарыз алушы алған _____ (ТАӘ)  № _____ (жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, кім, қашан берген)</p>	
Кредит маманы _____ (қолы)	
Күні: _____	

**Тауарды берді**

**Тауарды алды**

\_\_\_\_\_  
(сатушының ТАӘ, қолы)

\_\_\_\_\_  
(сатып алушының/қарыз алушының ТАӘ, қолы)

 <b>Евразийский Банк</b>	<b>ЖҚ</b>	<b>22-тен 22 бет</b>
	<b>Бөлшек бизнес шеңберінде серіктестермен жасалатын үлгі құжаттары мен шарттарының жинағы</b>	

**Рег. / Тірк. № PLO-001\_0\_1 – «Еуразиялық банк» АҚ серіктестермен ынтымақтастық туралы шарттың жобалық талаптары**

Жобалық талаптарға  
№ 6 қосымша

**Сауда орындарының/қызметтер көрсету орындарының тізімі**

Атауы	Қала	Орналасқан жері	Бағдарлама бойынша жұмыс сағаттары

**Тараптардың қолдары**

**Банк:**  
«Еуразиялық банк» АҚ  
Бекіткен

\_\_\_\_\_ [Т.А.Ә.]

**Серіктес**  
[атауы]

\_\_\_\_\_ [Т.А.Ә.]